

**"Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы"  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 858 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 169-бабының 1-тармағына, "Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - серіктестік) жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100 (жүз) пайызын сыйға тарту шарты бойынша респубикалық меншікке беру туралы "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамының ұснысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағынан туындаитын қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын;

2) серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлесіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А.Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 30 қарашадағы  
№ 858 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгеріс пен  
толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында:

көрсетілген қауыммен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншіктегі қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Нұр-Сұлтан қаласы" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-203-жолмен толықтырылсын:

"21-203. "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қауыммен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-18-жолмен толықтырылсын:

"20-18. "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".".

3. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысында:

көрсетілген қауыммен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 12-жолмен толықтырылсын:

"12. "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".".

4. "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысында:

көрсетілген қауыммен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

"3. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі республикалық меншіктегі занды тұлғалар мен олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 40, 41 және 42-жолдармен толықтырылсын:

40.	Электр энергиясын сату	35140
41.	Электр қуатының жүктемені көтеруге өзіrlігін қамтамасыз ету, электр қуатын реттеу және резервтеу	35124
42.	Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну тенгерімін ұйымдастыру	35122

".

"5. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және өзге де занды тұлғалардың еншілес, тәуелді занды тұлғалары және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері" деген бөлімде:

реттік нөмірі 59-жол алғып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК